

NEWS**OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
SERIES OF AGRICULTURAL SCIENCES**

ISSN 2224-526X

Volume 1, Number 37 (2017), 129 – 135

N. A. Khokhanbayeva, K. K. Kubenkov, A. K. Naushabayev

Kazakh National Agrarian University, Almaty, Kazakhstan.
 E-mail: nuri.310385@mail.ru Lenta77@mail.ru, tatan-askhat@mail.ru

**INTENSITY OF OXIDATION OF ELEMENTAL SULFUR
OF VARIOUS DISPERSION ON THE SODA-SALINE SOILS**

Abstract. In this article questions of reclamation efficiency of elemental sulfur of various dispersion in the soda-saline soils of the foothill plain of the Southeast Kazakhstan are considered. At present for reclamation of the soda saline alkaline soils are used traditional gypsum, mainly phosphogypsum technology in the republic. But its profit is low, because of necessity to use its big volume (15-40 tons/ha), and crystal surfaces are covered with humus clay carbonate. Thereupon, it is necessary to find the economic and ecological profitable technology for reclamation of the alkaline saline soils. In our opinion, this ameliorator is the elemental sulfur used in oil gas production as auxiliary product. Its total amount is 8 million tons, and takes second place in the world after Iran. The main reason is that the sulfur takes 10-18% of raw oil, and high demand. That is why the utilization of sulfur is so topical.

Thus, the above-mentioned circumstances prevailing in our country at the present time, significantly many alkaline saline soils in areas of agriculture, the bad effectiveness of meliorates used at the present, and the amount of accumulated sulfur polluting environment require to clarify the reclamation opportunity and to find its technology. Increasing the oxidation of elemental sulfur, in our opinion, can solve this problem. Because sulfur is the element with high inertia. It does not oxidize in air, does not melt in water, but sulfur oxidizes slow with oxidizing micro-organisms in soil.

Keywords: solonchakous soils, alkalinity, sulfur, dispersion, reclamation.

ӘОЖ 631.445.24

Н. А. Хоханбаева, К. К. Кубенков, А. Х. Наушабаев

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы, Қазақстан

**СОДАЛЫ СОРТАНДАНҒАН ТОПЫРАҚТА ҰНТАҚТЫҒЫ
ӘРТҮРЛІ ЭЛЕМЕНТАРЛЫҚ ҚҰКІРТТИҚ ТОТЫҒУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ**

Аннотация. Мақалада оңтүстік-шығыс Қазақстанның тау алды жазығындағы содалы тұзданған топырақтарына дисперстілігі әртүрлі элементарлық құкірттің мелиоративтік тиімділігі қарастырылған.

Түйін сөздер: сортанды топырақ, сілтілі, құкірт, дисперсті, мелиоративтік.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында тұзданған топырақтар оның барлық аймақтарында кездеседі. Егер республиканың солтүстік, солтүстік-батыс және орталық өңірлерінде кебірлермен кебірленген топырақтар басым болса, керісінше оңтүстігінде сортан және сортанданған топырақтар кең тараған.

Тұзданған топырақтар Алматы облысының айтарлықтай аумағын (2.7 млн.га немесе 12.2%) алып жатыр. Олар сәл, орташа, күшті және өте күшті тұзданған деңгейлерінде кездесіп, сәйкесінше 30, 20, 37, 13%-ын құрайды. Олар тауаралық ойыстарда және тау алды жазықтықтарында кең тараған.

Тұзданған топырақтарды мелиорациялаудың негізгі шарасы жасанды - дренаж жүйесінде сумен шаю болып табылады. Алайда, бұл шара содалы сортанданған топырақтардың су өткізгіштігінің төмендігі және соданың салқын суда нашар ерігіштігіне байланысты, жарамсыз.

Содалы - тұзданған кебірлі топырақтар республика территориясында қара және қара-қоңыр топырақтар арасында және онтүстікпен онтүстік-шығысында интровермақтық гидроморфты және жартылай гидроморфты топырақтар арасында таралған. Соңғыларда содалы-тұзданған топырақтар ауданы 7.095 млн. га [1]. Олардың 18,6% Алматы, 47,7% Жамбыл, 27,3% Онтүстік Қазақстан және 21,7% Қызылорда облыстарында орналасқан. Олардың арасында кебірленген «В» қабаты айқын байқалатын топырақтар үлесі сәйкесінше 19.0, 12.3, 100 және 70.5%-ды құрайды. Олардың Солтүстік Тянь-Шань тауалды жазықтығының ен құнарлы топырақтары шалғынды, шалғынды-сұр және шалғынды қара-қоңыр топырақтарының арасында таралуы бұл топырақтардың құнарлылығын көтерудің маңызды екендігін көрсетеді. Себебі, мұндай топырақтардың содалы тұздануы салдарынан ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігі 15-тен 45%-ға төмендеуіне экелген [2]. Әлбетте содалы сортаңдану үрдісі орын алған жайылым топырақтарында табиғи өсімдік жамылғысы сиректенген, ал егістіктерде өсімдіксіз дақтар түрінде көрініс тапқан. Олардың ауданы ондаған немесе жүздеген шаршы метрге дейін, ал кей жағдайда бірнеше гектарға дейін жетеді. Егістіктердегі ауданы ұсақ және орташа дақтарда жыл сайын көктемнен бастап өнімді жинағанда дейін барлық агрощаралар толық қолемде жүргізіледі, яғни, оларға кеткен материалдық, қаржылай және еңбек шығындарының құны акталмайды. Ауданы ірі дақты участкерлер егістікке колданылмайды. Жоғарыда аталған жағдайлар сұғарылатын егіншілік аймақтарында кездесетін содалы-сортаңданған топырақтарға күрделі мелиорациялау шараларын жүргізуіндің қажет екендігін көрсетеді.

Республикада қазіргі кезеңде содалы - тұзданған сілтілі топырақтарды мелиорациялау дәстүрлі мелиоранттарды – гипсті, негізінен фосфогипсті пайдалану технологиясын қолдану арқылы жүргізілуде. Бірақ олардың экономикалық тиімділігі, топыраққа енгізу көлемінің жоғарылығы (15-40 т/га) және олардың кристаллдарының беті гумусты-балышқыты карбонатты қабықпен қапталынан тәмен [3]. Осылан байланысты сілтілі тұзданған топырақтарды мелиорациялауда экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді жана мелиоранттар түрлерін іздестіруді және де олардың қолдану технологияларын жасаудың қажеттігі туындаиды. Біздің көзқарасымыз бойынша бұндай мелиорант болып мұнайгаз өндеудің қосалқы өнімі - элементарлы күкірт болып табылады. Оның Қазақстандағы жинақталған мөлшері 8 млн. тоннаға жетіп әлемде Ираннан кейінгі екінші орында. Бұл жағдайдың негізгі себебі шикі мұнай массасының 10-18%-ын күкірттің құрайтындығы және оған сұраныстан оны өндірудің басымдылығында. Сондықтан қазіргі кезеңде республика-мызда күкіртті утилизациялау мәселесі өзекті болып табылады [4].

Сөйтіп, қазіргі кезеңде елімізде қалыптасқан жоғарыда атап да жағдайлар, яғни, сілтілі тұзданған топырақтардың егіншілік аймақтарда айтарлықтай көп екендігі, қазіргі кезеңде қолданылу-дағы мелиоранттардың тиімділігінің төменділігі және өте көп мөлшерде жинақталған құқірттің қоршаған ортаны ластауы оның сілтілі топырақтардағы мелиоранттық мүмкінділігін анықтау және оның технологиясын жасау айқын сұранып тұр. Біздің ойымызша бұл мәселе элементарлы құқірттің тотығуын үдептескен жағдайда шешілуі әбден мүмкін. Себебі құқірт инергиясынан жағдайда оның сілтілі топырақта құқірт тотықтыруши микроорганизмдермен баюу тотығады. Құқірттің тотығу үрдісін микробиологиялық, яғни құқірт тотықтырылыш бактериялардың белсенді штаммдарын топыраққа құқіртпен бірге беру немесе физикалық, яғни құқірт бөлшектерін жоғары дисперсиялау арқылы және топырақта оларға онтайлы гидротермиялық, аэрациялық және топырақ ортасының pH жағдайларын жасай отырып едәуір жылдамдатуға болады. Топырақ жағдайында түзілген құқірттің қостотығы сүмен оңай әрекеттесіп сілтілі топыраққа мінсіз мелиорант-құқірт қышқылын түзеді. Мақалада осы мәселеге байланысты зерттеу нәтижелері баяндалған.

Материалдар мен әдістер. Зерттеулер Алматы облысы Талғар ауданының солтүстік бөлігіндегі Нұра ауылдық округінде орналасқан «АмиранАгро» ЖШС шаруақожалығы топырақтарында жүргізілді.


Шаруашылық территориясы солтүстікте Жетіген-Қырбалтабай тас жолымен, шығыснда Леп, батысында Есік өзендерімен шектеседі. Ауданы – 1842,4 га. Шаруашылықта 650 бас сауын сиырларға мал азығы үшін ауыспалы егістікте жем-шөп өсіреді. Олар: сүрлемдік жүгері, майдыш, жонышка, сонымен қатар күздік және жаздық бидай мен арпа. Егістіктерді сұғаруда тек жанбырлату әдісі колданылады.

Шаруашылық территориясы Іле ойысының орта бөлігінде кәдімгі сұр топырақтардан ашық сұр топырақтарға өтпелі аймағында орналасқан. Онда содалы тұзданған топырақтар кең таралған. Олар жаралуы мен құрамы бойынша аймақтық қалыпты топырақтардан едөүір ерекшеленеді және кеңістікте орналасуы дақты болып келеді (1-сурет).



1-сурет – «Амиран Агро» ЖПС территориясының 2-ші танап топырақтарының гарыштан түсірілген көрінісі

Тәжірибелер жалпыға белгілі әдістемелер бойынша жүргізілді. Біз басқа жағдайлар тұрақты болғанда құқырт бөлшектері ұсақталған сайын, олардың беттік ауданы күрт ұлғайып, микроағзаларға қолжетімділігінің артуынан құқырттің тотығуының үдей түсетіндігін ескере отырып, бұл жағдайлардың бір-біріне қаншалықты байланысты екендігін анықтау үшін арнайы зертханалық тәжірибелер жүргізілді.



2-сурет – Зертханалық тәжірибенің жалпы көрінісі

Құқырт бөлшектерінің дисперстілік деңгейлерімен олардың топырақтағытығу қарқындылығы арасындағы тәуелділіктерді анықтау үшін содалы тұзданған топырақтарда элементарлы құқырттің әртүрлі дисперстілі ұнтақтарын тәмендегідей сыйза бойынша зертханалық зерттеулер жүргізілді:

1. Бақылау (күкіртсіз топырак)
 2. Топыракқа берілген элементарлы күкірт бөлшектерінің диаметрі 0,50-0,25 мм немесе 500-250 мкм (S_1);
 3. Топыракқа берілген элементарлы күкірт бөлшектерінің диаметрі 0,25-0,10 мм. немесе 250-100 мкм (S_2);
 4. Топыракқа берілген элементарлы күкірт бөлшектерінің диаметрі 40-5 мкм (S_3).
- Зерттеу содалы сортанған жартылай гидроморфты кебірге күкірттің есептік дозаларын (160 мг 100 г топыракқа) 15, 30 және 90 күндік мерзімдерде инкубациялау арқылы жүзеге асырылды.

Нәтижелер және оларды талқылау

1-кесте – Дисперстілігі әртүрлі элементарлы күкірт фракцияларын содалы-сортанған жартылай гидроморфты кебірде инкубациялаудың топырақтың су сүзіндісінің иондық құрамына, тұздар жиынтығына және топырақ ортасының pH әсері (инкубациялау мерзімінің ұзақтығы 15 күн), $\frac{\text{МГ}-\text{ЭКВ}}{\%}$

| Тәжірибе варианты | Сілтілік | | Cl ⁻ | SO ₄ ²⁻ | Ca ²⁺ | Mg ²⁺ | Na ⁺ | Тұздар жиынтығы, % | pH |
|---------------------|--------------------------------------|---|-----------------|-------------------------------|------------------|------------------|-----------------|--------------------|-----|
| | жалипы HCO ₃ ⁻ | қалыпты карбонаттан CO ₃ ²⁻ | | | | | | | |
| Бақылау (күкіртсіз) | 2,23 | 0,57 | 0,34 | 3,91 | 0,57 | 0,70 | 5,16 | 0,491 | 8,4 |
| | 0,136 | 0,017 | 0,012 | 0,88 | 0,011 | 0,008 | 0,119 | | |
| S ₁ | 2,18 | 0,55 | 0,28 | 4,92 | 0,47 | 0,87 | 6,04 | 0,554 | 8,4 |
| | 0,133 | 0,017 | 0,010 | 0,436 | 0,009 | 0,010 | 0,139 | | |
| S ₂ | 1,68 | 0,40 | 0,19 | 5,25 | 0,43 | 0,83 | 5,85 | 0,593 | 8,3 |
| | 0,102 | 0,012 | 0,007 | 0,252 | 0,009 | 0,010 | 0,135 | | |
| S ₃ | 0,97 | Жоқ | 0,19 | 8,91 | 1,30 | 0,83 | 7,48 | 0,704 | 8,0 |
| | 0,059 | | 0,007 | 0,430 | 0,026 | 0,010 | 0,172 | | |


Кесте мәліметтері бойынша, зерттеуге алынған топырак үлгісінің тұздану химизмі содалы-сульфатты (1-кесте). Тұздар жиынтығында (0,491%), басқа катиондардан натрий ионының еншісі әлдекайда басым. Соңдықтан топырақтың сұйық фазасында натрийдың улы тұздары (NaHCO₃, Na₂CO₃) басым. Соның салдарынан топырақ ортасы орташа сілтілі (pH 8,4).

Берілген әртүрлі дисперсті (0,50-0,25 мм, 0,25-0,10 мм. және 5-40 мкм) элементарлы күкірттің бірдей дозаларын сілтілі топырақта қолайлы гидротермиялық жағдайда екі апта инкубациялануы топырақ су сүзіндісінің иондық құрамына айтарлықтай өзгерістер әкелген.

Бұл айтарлықтай қысқа мерзімді инкубациялау элементарлы күкірттің тотығу қарқындылығының бөлшектер дисперстілігіне тәуелді екендігін айқын көрсетті. Топыраққа берілген күкірт оның ди- және триоксидтеріне (SO₄²⁻, SO₃²⁻) айналып ары қарай сумен оңай байланысып, күкірт қышқылын түзіп, төмендегі сызба бойынша топырақтың сұйық және қатты фазаларымен реакцияға түседі (3-сурет).

Тәжірибе мәліметтерінен күкірт фракцияларының тотығу қарқыны бір-бірінен айтарлықтай алшақтанатынын оңай көруге болады. Элементарлы күкірттің ірі фракциясының (0,50-0,25 мм) тотығуынантүзілген сульфат-ионының мөлшерлері 100 г. топыраққа шакқанда 4,92 мг-экв-ке тең болған. Бұл бақылауға қарағанда 1,01 мг-экв-ке жоғары. Осыдан, егер 1 мг-экв SO₄²⁻ 48 мг-га тең екені белгілі болса, онда енгізілген күкірттен түзілген сульфат-ионының оның 100 г топырақтағы мөлшері (48×1,01) 48,5 мг. тең. Егер, 32 г күкірт тотықканда (32+64) 96 мг. сульфат-ионы, яғни үш есеге артық түзілеттін ескерсек, онда 48,5 мг SO₄²⁻ түзу үшін (48,5:3) 16,2 мг күкірт шығындалады. Осыдан, 100 г топыраққа енгізілген 160 мг ірі фракциялы элементарлы күкірттің 15 күнде оның тек 10,1% оксидтік формасына өткенін байқауға болады.

Элементарлы күкірттің орташа фракцияларының (0,25-0,10 мм) тотығуы оның іріге (0,50-0,25 мм) қарағанда біраз жоғары. Оның мөлшері бақылауға қарағанда 1,34 мг-экв артық немесе (1,34×48) 64,32 мг SO₄²⁻ түзілген. Бұндай мөлшеріде SO₄²⁻ (64,32:3) 21,41 мг күкірттің тотығуынан түзілді, ал ол енгізілген күкірттің 13,4% құрайды.



3-сурет – Элементарлы күкірттің содалы сортанған топырақтың қурамына тиғизетін әсерінің блок-схемасы

Күкірттің жоғары қарқынды тотығуы оның өте ұсақ (бөлшектер диаметрі 5-40 мікрон) фракцияларында байқалады. Мұнда, 100 г топырақта түзілген SO_4^{2-} жалпы мөлшері 8,91 мг-экв тең. Бұл жаңадан түзілген SO_4^{2-} иондарын 100 г топыраққа шаққанда (8,91-3,91) 5,00 мг-экв құрайтындығын немесе ($5,00 \times 48$) 240 мг SO_4^{2-} түзілетіндігін көрсетеді. Бұл мөлшер ұсақ фракциясының тотығу қарқындылығының ірілерден 4-5 есе жоғары. Бұндай мөлшердегі SO_4^{2-} (240:3) 80 мг күкірт тотықсан кезде түзіледі. Бұл топыраққа енгізілген элементарлы күкірттің 50% тотыққандығы көрсетеуді.

Жоғарыда көрсетілгендерден, элементарлық күкірттің содалы тұзданған топырақта тотығу қарқындылығы оның инкубациялық кезеңінің алғашқы күндері ақ байқалатындығын және ол айтарлықтай дәрежеде бөлшектердің дисперстілігіне байланысты екендігі айқындалды. Тәжірибе нәтижесінде сілтілі топырақта күкірттің, орташа және ұсақ фракцияларын 15 күн инкубациялау олардың сәйкесінше 10.1; 13.4 және 50.0% тотығатындығы аныкталды.

Күкірт фракцияларын топырақта 30 күн инкубациялау топырақтың сузіндісінің сілтілігін ары қарай төмендеткен. Ол бикарбонат (HCO_3^-), әсіресе, қалыпты карбонат (CO_3^{2-}) иондарының кемуінен жүрген. Топырақ сілтілігін төмендетугегизетін әсері бойынша күкірттің 5-40 мкм фракция бөлшектері тағы да алға шыққан. Бұл вариантта топырақ ортасы бейтарапты деңгейгедейін туksen (2-кесте).

Үшінші кестедегісу сұзіндісінің мәліметтерінен, сульфат-ионының мөлшеріне сүйене отырып топыраққа берілген күкірттіңtotығу қарқындылығын оның фракцияларына байланыстылығын онай байқауға болады. Жоғарғы қарқынды totығу күкірт бөлшектерінің ең ұсақ 5-40 микрон бөлшектерінде байқалады. Онда сульфат-ионының 100 г. топыраққа шаққандағы мөлшері 6,84 мг-экв болған. Осыған байланысты күкірттіңtotығу үрдісінен түзілген күкірт қышқылы сульфат-ионының мөлшерін жоғарылатып қана қоймай басқа да иондар мөлшеріне (хлордан басқасына) айтарлықтай эсер еткен. Күкірт бөлшектерінің дисперстілігінің жоғарылауы бикарбонатпен қалыпты карбонаттар мөлшерін күрт төмendetіп, керісінше сульфат және натрий иондарын көбейткен. Осының салдарынан топырақтың бастанапқы жалпы (HCO_3^-) сілтілігі үшесеге дейін кеміп, соданың

2-кесте – Дисперстілігі әртүрлі элементарлы күкірт фракцияларын содалы-сортанған жартылай гидраморфты кебірде инкубациялаудың топырақтың су сүзіндісінің иондық құрамына, тұздар жиынтығына және топырақ ортасының pH әсері (инкубациялау мерзімі 30 күн), $\frac{\text{Мг-ЭКВ}}{\%}$

| Тәжірибе варианты | Сілтілік | | Cl ⁻ | SO ₄ ²⁻ | Ca ²⁺ | Mg ²⁺ | Na ⁺ | Тұздар жиынтығы, % | pH |
|---------------------|-------------------------------------|---|-----------------|-------------------------------|------------------|------------------|-----------------|--------------------|-----|
| | жалпы HCO ₃ ⁻ | қалыпты карбонаттан CO ₃ ²⁻ | | | | | | | |
| Бақылау (күкіртсіз) | 2,15 | 0,46 | 0,32 | 1,81 | 0,46 | 1,00 | 2,84 | 0,329 | 8,1 |
| | 0,131 | 0,014 | 0,011 | 0,087 | 0,008 | 0,012 | 0,065 | | |
| S ₁ | 2,08 | 0,44 | 0,52 | 1,80 | 0,65 | 1,25 | 2,87 | 0,342 | 7,9 |
| | 0,127 | 0,013 | 0,018 | 0,086 | 0,013 | 0,025 | 0,066 | | |
| S ₂ | 1,62 | 0,12 | 0,48 | 2,20 | 0,55 | 1,05 | 2,82 | 0,314 | 7,9 |
| | 0,100 | 0,004 | 0,017 | 0,106 | 0,011 | 0,013 | 0,065 | | |
| S ₃ | 1,02 | Жоқ | 0,44 | 4,20 | 1,60 | 1,53 | 2,71 | 0,390 | 7,4 |
| | 0,062 | | 0,015 | 0,202 | 0,032 | 0,018 | 0,062 | | |

3-кесте – Дисперстілігі әртүрлі элементарлы күкірт фракцияларын оргапша содалы-сортанған жартылай гидраморфты кебірде инкубациялаудың топырақ су сүзіндісінің иондық құрамына, тұздар жиынтығына және топырақ ортасының pH әсері (инкубациялау мерзімі 90 күн), $\frac{\text{Мг-ЭКВ}}{\%}$

| Тәжірибе варианты | Сілтілік | | Cl ⁻ | SO ₄ ²⁻ | Ca ²⁺ | Mg ²⁺ | Na ⁺ | Тұздар жиынтығы, % | pH |
|---------------------|-------------------------------------|---|-----------------|-------------------------------|------------------|------------------|-----------------|--------------------|-----|
| | жалпы HCO ₃ ⁻ | қалыпты карбонаттан CO ₃ ²⁻ | | | | | | | |
| Бақылау (күкіртсіз) | 2.07 | Іздері | 0.32 | 2.17 | 0.917 | 1.17 | 2.81 | 0.280 | 8.1 |
| | 0.126 | | 0.011 | 0.104 | 0.018 | 0.014 | 0.064 | | |
| S ₁ | 1.93 | " | 0.49 | 2.25 | 1.17 | 0.75 | 2.34 | 0.328 | 7.8 |
| | 0.117 | | 0.017 | 0.108 | 0.024 | 0.009 | 0.053 | | |
| S ₂ | 0.89 | " | 0.39 | 5.34 | 1.00 | 0.75 | 4.86 | 0.466 | 7.4 |
| | 0.055 | | 0.014 | 0.256 | 0.020 | 0.009 | 0.112 | | |
| S ₃ | 0.74 | Жоқ | 0.34 | 6.84 | 1.42 | 1.17 | 5.33 | 0.552 | 6.9 |
| | 0.045 | | 0.012 | 0.328 | 0.028 | 0.014 | 0.123 | | |

(CO₃²⁻) мүлдем жойылуына, олардың орнына бейтарапты Na₂SO₄ тұзының басымдығына экелген. Бұл жағдай топырақ ортасының сілтілілігін төмендеуін жалғастырып, онықышқыл ортага дейін түсірген.

Қорытынды.

1. Содалы-сортанған кебірде элементарлы күкірттің тотығуы оны инкубациялаудың алғашкы күндерінен-ақ айқын жүре бастаған, бірақ оның қарқындылығы күкірт бөлшектерінің дисперстілігіне тікелей байланысты.

2. Топыраққа бірдей мөлшерде берілген элементарлы күкірттің (100 г. топыраққа 160 мг.) ірі (500-250 мкм.), орташа (250-100 мкм.) және ұсақ (40-5 мкм.) фракциялары 15 күндік инкубациядан кейін сәйкесінше 10,1, 13,4 және 50,0% тотығып, сілтілі тұзданған топырақтар үшін мінсіз мелиорант - күкірт қышқылына айналған.

3. Күкірттің ұсақ фракциясының тотығуы 30 және 90 күндік инкубациялық мерзімдерде қарқынды жүруі бастаңғы сульфатты-содалы орташа сортанған орташа сілтілі топырақты сульфатты бейтарап орталы орташа сортанған топыраққа айналдырыған; бұл ұсақ дисперсті күкірттің сілтілі содалы сортанған топырақтар үшін өте тиімді мелиорант екендігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Боровский В.М. Геохимия засоленных почв Казахстана. – М.: Наука, 1978. – 172 с.
- [2] Беспаева Р.С. Мелиорация лугово-сероземных почв предгорий Заилийского Алатау: Автореф. ... канд. с.-х. наук. – Ташкент, 1988. – 17 с.
- [3] Феофарова И.И. Псевдоморфозы кальцита по гипсу в почвах // Тр. Почвенного ин-та им. В .В.Докучаева – Т. 34. – 1950. – С. 202-206.
- [4] Контуриный план технологического развития нефтегазовой отрасли Казахстана. – Фаза 2. Анализ технологических сложностей. – Подготовлено: Департамент проектов и технологий концерна «Шелл». – Декабрь 2011. – С. 44-47.

REFERENCES

- [1] Borovskii V.M. Geochemistry of the saline soils of Kazakhstan. M.: Science, 1978. 172 p.
- [2] Bespayeva R.S. Melioration of meadow -sierozemic soils of the foothills of Zailiysky AlaTau: Abstract of candidate agricultural sciences. Tashkent, 1988. 17 p.
- [3] Feofarova I.I. Calcite pseudomorphoses on gypsum in soils. Transaction Soil institute name of V. V. Dokuchayev. Vol. 34. 1950. P. 202-206.
- [4] Planimetric plan of technology development of an oil and gas industry of Kazakhstan. – Phase 2. Analysis of technological difficulties. It is prepared: Department of projects and technologies of Shell concern. December, 2011. P. 44-47.

Н. А. Хоханбаева, К. К. Кубенкулов, А. Х .Наушабаев

Казахский национальный аграрный университет, Алматы, Казахстан

**ИНТЕНСИВНОСТЬ ОКИСЛЕНИЯ ЭЛЕМЕНТАРНОЙ СЕРЫ РАЗЛИЧНОЙ ДИСПЕРСНОСТИ
НА СОДОВО-ЗАСОЛЕННОЙ ПОЧВЕ**

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы мелиоративной эффективности элементарной серы различной дисперсности в содово-засоленных почвах предгорной равнины юго-востока Казахстана.

Ключевые слова: солончаковая почва, щелочность, сера, дисперсность, мелиорация.

Сведения об авторах:

Хоханбаева Нуржамал Айбатиллаевна – Докторант кафедры почвоведения агрохимии КазНАУ, e-mail: nuri.310385@mail.ru

Кубенкулов Канайбек Кубенкулович – кандидат сельскохозяйственных наук, доцент кафедры почвоведения агрохимии КазНАУ, e-mail: lenta77@mail.ru

Наушабаев Асхат Хамитович – PhDассоциированный профессор кафедры почвоведения агрохимии КазНАУ, e-mail: tatan-askhat@mail.ru